

101406, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы,
Республика данғылы, 73,
Эл.адрес: kgulisey9@yandex.kz

101406, Карагандинская область, г.Темиртау
проспект Республики 73,
Эл.адрес: kgulisey9@yandex.kz

БҰЙРЫҚ

«12» 11 2025 ж.

Теміртау қаласы

ПРИКАЗ

№ 566

город Темиртау

2025-2026 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау қаласы білім бөлімі» ММ-нің 13.10.2025 жылғы № 388 бұйрық негізінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларына» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын бабаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарына», «Қарағанды облыстық білім басқармасының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы XX сессиясының «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №234 шешіміне, Қарағанды облысы білім басқармасының 2025 жылғы 8 қазандағы № 587 «Қарағанды облысы білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 білім алушыларын және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылып, аз қамтылған оқушылардың тізімі нақтыланып бекітілсін;
2. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ –нің 2025 жылғы 1 қазандағы №618-Ө бұйрығына сәйкес бекітілген маусымдық төрт апталық перспективалық мәзірді қолдана отырып, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын;
3. Перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын алдығы күнге арналған мәзірді бекітіп, оны асханада және «Дұрыс тамақтану бұрышы» аймағында дұрыс, теңестірілген тамақтану туралы ақпаратпен бірге орналастыруға, ас мәзірі мен тағамдардың фотосуреттерін лицейдің интернет ресурстарындағы «Мектептік тамақтандыру» айдары мен Bilimal платформасында жариялауға міндетті. Ыстық тамақ сапасына жүйелі түрде мониторинг жүргізілсін;
4. «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтануды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес: 1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 5-11 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылсын;
5. Тегін тамақ алған оқушыларды есепке алу үшін аппараттық-бағдарламалық фиксация және есеп беру функциясын толық қамтамасыз етіп, ақпаратты автоматты түрде «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесіне уақытында жолданып отырылсын. Бұл процесс білім беру саласындағы цифрландыру объектілеріне қойылатын минималды талаптарға сәйкес жүзеге асырылсын / ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қарашадағы №456 бұйық/
6. Тамақтануға жауапты тұлға 1-4 және 5-11 сынып оқушыларына арналған тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру барысында «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында балалардың тегін тамақтануға деген құқықтарын қамтамасыз ету директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Асадоваға жүктелсін; Тамақтандыру процесі толық ашықтықпен жүзеге асырылып, оқушыларды есепке алу жүйесі автоматтандырылуға тиіс, ҰБДҚ тұрақты түрде жаңартылып отыру қажет.
7. Әр айдың 30 күнімен табель журналымен бірге өткізілсін;
8. Кәсіпкерлер тамақ әзірлеуге қажетті барлық ыдыс аяқтармен қамтамасыз етілсін;
9. Медбике жаднамаға сәйкес талаптарды қатаң түрде орындап, құжаттар жүргізілсін;
10. Туған күн және басқа да кештерді өткізуге тиым салынсын;
11. Әкімшілік, директор жанындағы кеңесте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы мәселені қарастырылсын;
12. Асхананың санитарлық тазалығын медбике, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары мен бас аспазшы жауаптандырылсын;
13. Оқушылардың ішетін суына жауапты –бас аспазшы жауаптандырылсын;
14. Суық суға, санитарлық талаптарға сай ережелерді сақтауды қадағалауын бақылау жауапкершілігі директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына жүктелсін;
15. Оқушылардың су ішу уақыты мен су ішетін ыдыстардың уақытында таз ауыстырылғандығын қадағалауға кезекшілік тағайындалсын;
16. Тамақтандыруды бақылау және ұйымдастыру, тіркеу құжаттарын жүргізу әлеуметтік педагогке жүктелсін;

18. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Бұйрықпен таныстым:

Г.А.Досмуратова

Орындаған:

Н.Б.Орынбаева